

Шалқар ауданының Шетырғыз селолық округі әкімінің 2011 жылғы 16 тамыздағы № 4 "Қаратоғай ауылындағы көшеге Молдағазы Айтасов есімін беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шетырғыз ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 13 наурыздағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 сәуірде № 5396 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабына сәйкес, Шалқар ауданының Шетырғыз ауылдық округінің әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар ауданының Шетырғыз селолық округі әкімінің 2011 жылғы 16 тамыздағы № 4 "Қаратоғай ауылындағы көшеге Молдағазы Айтасов есімін беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-13-157 тіркелген , 2011 жылғы 12 қазанда аудандық "Шалқар" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қазақ тіліндегі шешімнің деректемелерінде "селолық" сөзі тиісінше " ауылдық" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шетырғыз ауылдық округінің әкімі

Ж. Табынбеков